



**ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР КОМИССИЯСЫ**

**«АПАТ ЖӘНЕ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖАЙЫНДА ТҮРКПА
ЕЛДЕРІНІҢ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР**

«АПАТ ЖӘНЕ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖАЙЫНДА ТҮРКПА ЕЛДЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР

ТүркПА Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер комиссиясының 5-ші отырысында «Апат және дағдарысқа қарсы күрес жайында ТүркПА елдерінің ынтымақтастығы» тақырыбы қарастырылды.

Әрбір ТүркПА-ға мүше ел үшін Апат пен Дағдарысты Басқару тақырыбы маңызды болып табылады. ТүркПА-ға мүше әрбір елдің Апатты Басқару және Дағдарысты Басқару тақырыптарындағы мүмкіншіліктерінің арттырылуы ТүркПА-ға мүше елдер арасында осы салада ынтымақтастық жұмыстарының атқарылуы арқылы жүзеге асады.

Дағдарысты басқарудың әр түрлі тақырыптарының ішінде Апатты Басқарудың ерекше орны бар. Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия үшін мүмкін болатын апат тәуекелдері мен алдын алу шараларының оңай жүзеге асыру мақсатында, Апат Басқару тақырыбында дамитын ынтымақтастық кезеңінде басымдылықтың Апат Басқару Алқасына берілуі мүмкін.

ТүркПА-ға мүше мемлекеттердің парламенттері келесіні ұсынады.

1. ТүркПА-ға мүше елдер арасында Апат және Дағдарыс Басқарылуы тақырыбында әрекеттестіктің дамуы, осы салада басымдылықтың Апатты Басқаруға берілуі,

2. Түркі Кеңесі аясында ТүркПА-ға мүше елдердің өз мемлекеттік құрылымдары ішінде қалыптасқан Апат пен Дағдарысты Басқару Орталықтарының тәуелді мүдделі Министерліктердің арасында екі тарапты немесе көп тарапты әрекеттестік меморандумларына қол қойылуы,

3. Апат пен Дағдарысты Басқару Орталықтарының арасында тұрақты түрде көп тарапты әрекеттестік отырыстарының ұйымдастырылуы,

4. Апат пен Дағдарысты Басқару Орталықтарының арасында байланыстың дамуы мен үнемі байланыс үшін қажетті желінің қалыптастырылуы,

5. Апат пен Дағдарысты Басқару Орталықтарына тәуелді, апат барысында жедел араласуға қатысатын іздестіру топтары бөлімшелері арасында бірге жұмыс істеу негізінің күшейтілуі үшін іс-шаралардың ұйымдастырылуы, осы салада ортақ үйрету іс-шаралары мен ортақ жаттығулардың ұйымдастырылуы,

6. Апат пен Дағдарысты Басқару Орталықтары мен оларға тәуелді іздестіру бөлімшелері арасында ұйымдастырылатын отырыстар сияқты әрекеттестік іс-шараларының тұрақты түрде және кезекпен әрбір елдің қабылдауымен ұйымдастырылуы,

7. Апат пен Дағдарысты Басқару Орталықтары мен оларға тәуелді іздестіру бөлімшелері арасында ұйымдастырылатын алғашқы әрекеттестік отырыстары, жаттығулар мен оқытулардың Түркияда ұйымдастырылуы.